Ф ҚазҰПУ 0703-10-09 Пәннің оқу-әдістемелік кешені. Екінші басылым Бет **22** Барлығы **55**

Оқыту әдісі деп педагогикада оқытушы, немесе (оқыту шебері) мен оқушының өзара байланысқан іс-әрекет тәсілдері, білім, білік, дағдыны игеруге және оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған процесс деп сипатталады.

Оқыту әдістері 3 үлкен топқа, және оның ішінде шағын топтарға, жеке әдістерге бөлінеді. Яғни оны сұлба ретінде көрсетейік:

Оқу-танымды, оқу-өндірістік іс-әрекетін ұйымдастыру және іске асыру әдістері:	Оқу-танымдық іс-әрекетінің ыңталандыру әдістері:	Іс-әрекетінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау:
Сөздік әдістер : - әңгіме; - әңгімелеу; - лекция; Көрнекілік әдістері: - иллюстрация; - демонстрация; Практикалық әдістер: - жазба жаттығулар; - өндіріс және шебеханадағы жұмыстар; - индуктивті және дедуктивті әдістер арқылы оқытушы (өндіріс шебері) жетекшілігі меніске асырылуы немесе өз бетінше репродуктивті жұмыс жасау;	-Оқу танымдық іс-әрекетінің ыңталандыру әдістері; және -оқу-өндірістік ықыласын қалыптастыру әдістері; -оқудағы жауапкершілік және міндетті ыңталандыру әдістері;	-ауызша бақылау әдістері; -жазбаша бақылау әдістері; -практикалық бақылау әдістері; -оқушылардың б/б/дағды деңгейлерін тестілеу;

«Оқыту әдістері» ұғымы көпжақты. *Оқыту әдістерінің бір неше топқа жіктелуі, оның бір біріне қарсы қойып салыстыру емес, және бірінің ролін, қажеттілігін төмендету емес.*

Оқыту әдістері әр қашанда бір бірімен үйлесе отырып, оқытушы мен оқушының қарым қатынасын сипаттайды. Яғни, бір оқыту әдісін ерекше атап қолдану, ол оның сол кездегі дидактикалық міндетті шешудегі орны ерекше деп білеміз.

Сонымен қатар, әр оқыту әдісі басқада әдістермен бірігіп қолданылады. Мысалы: **репродуктивті, проблемалы ішінара іздену** әдістері – сөз, көрнекілік, практикалық әдістер арқылы жүзеге асырылады.

Оқыту әдісі ол - оқыту процесін жүргізудегі негізгі тәсілі және құралы болып табылса, онда оқыту әдістері, бір жағынан – оқытушының іс-әрекеті (білім беру, оқыту); екінші жағынан – ол оқушының іс-әрекеті – оқу болып саналады.

Оқыту әдістері ----- Оқыту процесі-----Тәсілі, құралы

**1.Оқытушы
Оқыту (б.б)**

**2.оқушы
оқу**

Оқыту процесін ұйымдастыру барысында оқушы және оқушылар ұжымы бір жағынан - оқыту объектісі, бір жағынан - оқыту субъектісі болады.

Оқытушы (немесе оқу шебері) іс-әрекеті келесі компоненттерден тұрады:

- мақсат қою;
- оқушы іс-әрекетінің мәні мен тәртібін анықтау;
- білімде қабылдау және меңгеру;
- оқушылардың танымдық, оқу-өндірістік іс-әректін басқару;
- бақылау жасау;
- қорытындылау;

«Оқыту әдісі», «оқыту тәсілі», «әдістемелік тәсіл» ұғымдары бір бірімен байланысты.

«Әдістемелік тәсіл»- оқыту әдісінің элементі (компоненті; құрамды бөлімі).

Оқыту әдістері 3 аспектті қамтиды:

- жалпы дидактикалық;
- жеке дидактикалық;
- жеке әдістемелік;

1а) Теориялық оқыту әдістері;

Бастауыш кәсіптік білім беру оқу орындарында теориялық оқыту әдістері 3 пәндер циклын қамтиды:

- жалпы білім беретін пәндер циклы;
- жалпы техникалық пәндер циклы;
- арнайы пәндер циклы;

Оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдістері:

Сөздік (сөз арқылы жеткізу әдістері):

1. Ауызша баяндау (жалпы техникалық және арнайы пәндерді меңгеру кезінде ауызша баяндау әдісі *кешеңді әдіс ретінде қолданылады*: ол –баяндау-түсіндіру; салыстыру; негіздеу; қорытындылау).
2. Өңгімелесу – сұрақ-жауап әдісі арқылы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру және басқару.
3. Кітаппен жұмыс жасау – педагогика ғылымы және тәжірибенің ұсынған бір қатар әдістемелік тәсілдері бар, олар:
 - конспект жасау;
 - негізгіні белгілеу және жоспар құру;
 - бақылау сұрақтарына жауап беру;
 - кітаптің мәтінін тез қарап шығу және ойда сақтау;

Көрнекілік әдістері- Жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқыту процесінде қолданылатын көрнекілік құралдар 2 топқа бөлінеді:

- Табиғи (саймандар, аспаптар, материал, зат, бұйымдар үлгілері);
- Бейнелеу әдістері (плакаттар, макет, схема, слайд т.б.);

Көрнекілік әдістердің функциялары әртүрлі. Ол бір жағынан, мұғалім сабақ түсіндірген кезде - **иллюстрация ретінде қолданса**, екінші жағынан – зат немесе құбылыс туралы оқушыларға нақты мәлімет беретін құралдың ролін атқарады.

Практикалық әдістер: оның ішіндегі жаттығу - ен негізгі болып табылады.

Жаттығудың бір неше түрін атауға болады, олар:

- Репродуктивті;
- Іздені жаттығулары;
- Диагностикалық жаттығулар;
- Шығармашылық жаттығулар;

Жаттығудың мақсаты – жалпытехникалық және арнайы пәндер бойынша білімді меңгеру кезінде, оқушылар іскерлігін қалыптастыру.

«Белсенді» оқыту әдістері – оқушылардың белсенді қатысуларымен байланысты, олар:

- Дидактикалық ойындар;

- Роль арқылы ойынды басқару (ролевые и управленческие игры);
- Семинар сабақтары;
- Проблемдік оқыту;

Оқу-танымдық іс-әрекетінің ыңғаландыру әдістері: міндеті:

- Оқудың қоғамдық және жеке адамның маңыздылығын түсіндіру;
- Оқыту талаптарын қою;
- Мадақтау;
- Ұялту.

Оқыту әдістері деп – оқу-тәрбие мақсаттарына жетуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың өзара байланысты іс-әрекеттерінің тәсілдері.

Кәсіби оқыту әдістері – бұл арнайы жүйе. Ол логикалы бір ізділікпен іс-әрекет жасайтын инженер-педагог пен кәсіптік мектеп оқушысының бірлескен қимылы.

Дидактикалық міндеттерді шешуді қамтамас етудегі түрлі іс-әрекет қимылдарды – біртұтас қызмет жүйесі деп түсінген жөн.

Инженерлік психологияда іс-әрекеттің мына түрлері бар :

1. пәндік-практикалық ; (предметно-практические)
2. пәндік-ойлау ; (предметно-умственное)
3. практикалық-белгілеу ; (знаково-практические)
4. ойлау белгілері арқылы ; (знаково-умственные)

Сабаққа қойылатын дидактикалық талаптар

Сабақ – күрделі психологиялық және дидактикалық процесс, онда оқушылармен педагогикалық қарым-қатынас жасау және тәрбиелеу міндеттері іске асырылады.

1. Сабақтың мақсаты айқын, мазмұны, жоспары және оның құрылымы алдын-ала белгілі болуы тиіс.
2. Сабақ оқыту принциптерінің ережелері мен талаптарына сәйкес болуы қажет,
3. Сабақтың ғылыми мазмұны оқушылардың жас және дара ерекшеліктеріне сай ұғынымды, түсінікті болуы керек. Сондайақ сабақта оқушылардың бойында біліктер мен дағдыларды қалыптастыру міндеті жүзеге асырылуы тиіс.
4. Сабақтың мазмұны оқытатын пәннің бағдарламасына сәйкес болуы және әр-бір сабақ басқа сабақтар жүйесінің буыны болуы міндетті нәрсе.
5. Сабақта оқушылардың білімге ыңғасы мен қызығуын арттыру үшін сабақтың құрылымы мен әдістерін түрлендіріп, көрнекі және техникалық құралдарды, түрлі ойындарды тиімді қолдану керек. «Баланың ыңғасын арттыру үшін оқытылатын нәрседе бір жаңалық болуы керек» - деп Ж.Аймаутов жайдан-жай айтпағанын ескеру керек.
6. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру үшін проблемалық ситуациялар тұғызып, проблемалық міндеттер мен тапсырмаларды орындауға басшылық ету қажет.
7. Сабақтың сапасын жақсарту үшін мұғалім оқушылармен қарым-қатынас жасау шеберлігін арттырып отыруы керек. Педагогикалық қарым-қатынас жасау және қарым-қатынас арқылы білім алу керек деген қағиданы іске асыру пайдалы.
8. Сабақта оқушыларға білім берумен қатар оларды өздігінен білім алудың әдіс-тәсілдеріне үйрету міндет.
9. Сабақ оқытудың білім беру, тәрбиелеу және дамыту қызметін біртұтастық принципке сай жүргізуі тиіс.
10. Сабақтың дидактикалық құрылымы немесе кезеңдері бірізділікте, бір-бірімен өзара байланыста, бірін-бірі толықтырылып тұрулары қажет.

11. Сабаққа дайындалу және оны өткізу барысында мұғалімнің сыныптағы, мектептегі нақтылы жағдайды (оқу кабинетінің жабдықталуы, оқу техникалық, көрнекілік құралдарының нақты қолда болуы, тұрғылықты жердегі табиғат, өндіріс ресурстарын пайдалану) ескеріп отыруы шарт.

Кіріспе сабағының құрылымы.

1. Сабақтың басталуын ұйымдастыру. Оқушыларға сабақтың мақсат-міндеттерін түсіндіру. Оларды сабаққа әзірлеу.
2. Жаңа оқу материалын ендіру.
3. Жаңа білімді пысықтау, бекіту.
4. Сабақты қорытындылау, үйге тапсырма беру.

Кіріспе сабағының ерекшелігі, оқу бағдарламасының жаңа тақырыптарын немесе тараун оқып үйренуде қолданылады. Мұғалім тараудың немесе тақырыптың оқу-тәрбиелік мәнін ашып береді, алдағы сабақтарда оларды өткізу тәртібін оқушыларға түсіндіреді, ондағы жаңа оқу материалдарының мазмұнын оқып үйренудің тәсілдерін көрсетеді.

№ 8-9 тақырып: Кәсіптік оқыту жүйесі мен принциптері (қағидалары)

Жоспары: 1. Пед. процестің мәні, құрылымы және оны жобалау.

2. Оқыту принциптерінің құрамы, өзара байланысы және оқу-тәрбие процесінде қолдану ерекшеліктері.
3. Кәсіби оқыту жүйесінің элементтері және түсінік.

Педагогикалық жүйе дегеніміз – бұл көптеген құрылымдық және қызметтік компоненттердің өзара үйлесімділігінен тұратын және оларды бір мақсатқа жұмылдырған, яғни болашақ жеткіншектер мен ересек адамдарды оқыту мен тәрбиелеуді көздейтін жүйе.

Педагогикалық жүйенің қызметі мен қалыптасуының алғы шарттары мыналар :

1. Педагогикалық жүйе қоғамның белгілі бір топтарын (ол – балаларды, жеткіншектерді, ересектерді) тәрбиелеу мен оқыту қажеттігі туындаған жағдайда пайда болады.
2. Педагогикалық жүйе қоғамда айқындалған ақпараттық білім кеңестігін игере алатын топтар пайда болғанда ғана туындайды.
3. Педагогикалық жүйе белгілі бір оқушылардың мақсатына жететін педагогикалық әсердің құралдары, әдістері мен формалары табылған жағдайда ғана, оларды егеруге мүмкіндігінен туындайды.
4. Педагогикалық жүйені іске асыру үшін білім алушылар белгілі бір топқа бірігіп, яғни оқушылар тобын құрастыру керек.
5. Педагогикалық жүйеде оқушыларға білім беретін, тиісті педагогикалық және психологиялық білімі бар, олармен жұмыс істей алатын, әдіс-тәсілдер негізін егерген педагогтер болуы қажет.
6. Педагогикалық жүйе, қоғамдағы белгілі бір топ өкілдерінің сұранысын қанағаттандыруы қажет.

Сонымен, педагогикалық жүйенің компоненттері – олар:

- Оқу ақпараты,
- Мақсаты,
- Байланыс тәсілдері,
- Оқушылар,
- Педагогтер.

Мына кестеде, **пед. жүйенің компоненттерінің өзара байланысы көрсетілген.**

Білімнің мазмұны

Оқуы, тәрбиелеудің
әдіс, тәсілдері, құралдары

КМ оқушысы (студент)

Педагог (инженер-педагог)

КМ- педагогикалық жүйенің бір саласы .

Кәсіптік мектеп – кәсіби білім беру жүйесіндегі болашақ білікті жұмысшыларды дайындайтын, және тәрбиелейтін оқу орны.

Кәсіптік мектептің құрылым компоненттері кіретіндер :

1. **Оның мақсаты** – азаматтарды жұмысшы мамандығына даярлауда өз қабілеті мен қызығушылығына, мүмкіндігіне қарай білім беру, оларды қайта даярлау, және кәсіптік біліктілігін көтеру.
2. **Білім беру ақпараты** – белгілі бір кәсіп саласы, не мамандық бойынша оқушыларға ғылыми-техникалық білім, практикалық дағды беріп, кәсіптік шеберлікке баулу. Кәсіптік әлеуметтік ортаның ережелері мен нормаларын орындауға үйрету.
3. **Педагогикалық коммуникация тәсілдері арқылы** – оқушыларға кәсіптік білім беру мен тәрбиелеуде құрал-жабдықтар арқылы оқытудың әдістерін қолдану қажет.
4. **Кәсіптік мектептердегі оқыту құралдары-** жалпы білім беретін орта мектептегіден басқа оқу-құрал жабдықтары мен қатар (машиналар, механизмдер, құралдар мен жабдықтар, аспаптар т.б.) бөлшектер, макеттер, оқу тренажерлер де жатады.
5. **Кәсіптік мектеп білім алушылары-** ол оқушылар. Бұлар белгілі бір кәсіп саласына қызығушылығы бар, негізгі және орта мектеп бітірген жастар болуы мүмкін. Негізгі білімі барлар үшін оқу мерзімі – 3 жыл; Толық орта білімі бар жастар үшін – 1,5 жыл;
6. **Кәсіптік мектеп педагогы** - бұл кәсіптік оқыту мен тәрбиелеудің негізін меңгерген, өз пәні бойынша білім, білік, және дағдылық дайындығын толық меңгерген педагог.

Кәсіби білім бері жағдайында жалпы дидактикалық принциптер мен оларды жүзеге асыру ерекшеліктеріне тоқтаймыз.

Кәсіптік білім беру саласында оқытудың 2 түрлі қағидалары, (принциптері) қарастырылады:

1. жалпы дидактикалық ;
2. тек кәсіптік оқытуға тәң – арнайы принциптер;

Кәсіптік оқу орындарының оқу үрдісінде қолданып жүрген жалпы дидактикалық принциптер мыналар :

- Оқытудың ғылымилығы мен қолжетімдігі ;
- Оқытудың көрнекілігі және ғылыми-техникалық ойлаудың дамуы ;
- Оқушылардың саналы шығармашылық әрекеті (инженер-педагогтың басшылығы негізінде);
- Оқытудың жүйелілігі мен бірізділігі ;
- Оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін еске алу ;
- Теорияның ғылыммен, практикамен және өндірістің байланысы ;
- Білім, білік және дағдының берік меңгеруі ;

Жалпы педагогикалық принциптеріне қоса кәсіптік мектептердегі оқу үрдісінің тиімділігі мен табысқа жетуі инженер-педагог қызметкерлердің арнайы принциптерді қолдануы. Олар мыналар :

1. Жалпы білім беретін, және жалпы техникалық пәндерді, кәсіби бағыттау принциптері ;

(Жалпы техникалық және арнайы пәндер циклы өзара байланыста оқытылады.)

2. Оқу материалдарын инегуде технологиялық бірізділік принципі ;

(Бұл «Өндірістік оқыту», «Арнайы технология» пәндеріне ғана тән. Себебі өндірістік операцияларды бірізділікпен үйрете отырып, ол үлгілерді өндірісте қолдана білуге тиіс.)

3. Оқу үрдісі кезінде кәсіби қызметті модельдеу принципі ;

(модульдеу деп белгілі бір кәсіби іс-әрекетті қалыптастыру үшін қажетті оқыту әдістері мен түрлерін таңдап арқылы оқытуды атайды.)

4. Кәсіби жұмылдыру (мобильности)принципі ;

Бұл білім алушылардың

– кәсіпті,

- жаңа техникалық құралдарды,
- технологиялық процесті,
- жаңа мамандықты игеруде,
- біліктілігін қотеруде - **білім мазмұны мен оқу үрдісін өздігінен үйрендіре жұмылдыру.**

5. Кәсіби оқытудың модульдық принципі ;

оқушылардың жеке оқу бағдарламасына сай тапсырманы, не ақпаратты өзінше өндеп, әдістемелік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, көздеген мақсатқа жету.

Кәсіптік білімді басқару теориясы.

Педагогикалық басшылық дегеніміз – оқушыға, студентке авторитарлық әсер ету емес, оларға жалпы не кәсіптік ерекшеліктерін дамытуда жан-жақты ықпал ету, мүмкіндік пен алғы шарттар жасау.

Басқару теориясының жалпы ұғымын анықтау қажет, олар:

Жоспарлау	1. Мақсат қою: • дидактикалық, • тәрбиелік, • дамытушылық. 2. Сабақ жоспарын құру; 3. Оқыту мазмұнын іріктеу және конспект дайындау; 4. Дидактикалық материалдарды сарыптау (производить экспертизу).
Ұйымдастыру	1. Сабаққа дидактикалық құралдар дайындау; 2. Оқу және көрнекі құралдарды тексеру; 3. Ұйымдастыру шараларын жүргізу: • Оқытушы мен студенттің илтипатты амандасуы; • Оларды түгелдеу, мақсатын, жоспарын таныстырып кезең бойынша өткізу.
Реттеу	1. Оқытуда, жоспарға сәйкессіздік туса, сабақ әдісі мен қарқынын өзгерту.
Бақылау	1. Өткен материалды игергенін байқау үшін жазбаша және ауызша билет-сұрақтар ұйымдастыру; 2. Тестер, бақылау жұмыстары, тақырыптық сынақ жүргізу; 3. Модуль бойынша ауызша және жазбаша жауаптар алу; 4. Курсты қорыту және мемлекеттік емтиханды ұйымдастыру.
Есеп алу	1. Баға қою, алынған білім, білік, дағдыларды журналға,

	оқушының кітапшасына қондыру;
Талдау	1. Дайындалған жоспар бойынша, өткізілген сабақ бойынша білім, білік, дағдылар сәйкестігін анықтау; 2. Қолданылған оқыту әдістері мен құралдардың тиімділігін анықтау; 3. Білім алушылардың білімі, білігі, дағдысына әсерін анықтау.

№ 10-11 тақырып: Пед.технологияны жобалау әдіснамасы. (Аксиоматикалық ықпал жасау).

1. Оқыту технологияны ұйымдастыру кезіндегі инновациялық ықпал.
2. Пед.технологияның классификациясы және оларды жобалау.
3. Кәзіргі информациялық және коммуникациялық оқыту технологиялары. Оқыту процесінің компьютеризациялануы.
4. Кәсіптік білім берудің модульдық технологиясы.
5. Кәсіптік білім берудің инновациялық технологиялары.

«Технология» ұғымы грек тілінен енген екі сөзден «техне» - өнер, шеберлік және «логос» - білім, оқу, ғылым деген мағынаны білдіреді. «Технология» терминін қазақ тіліне «өнер туралы ғылым» немесе «шеберлік туралы ғылым» деп аударуға болады. Бұған пәндік саланы сипаттайтын терминді қосып, кез-келген нақты технологияның мәнін анықтаймыз.

1940-50ж.ж. оқыту үрдісіне техникалық құралдардың енуіне байланысты «білім берудің технологиясы» кеңінен қолданылды.

1950-60ж.ж. түрлі техникалық құралдары қолдану әдістері жөніндегі еңбектердің ықпалымен «педагогикалық технология» деп аталды.

60-жылдардың ортасында технологиялық әдіс шет елдерде баспасөз беттерінде және халықаралық конференцияларда кеңінен талқылана бастады. Бұл істе негізінен екі бағыт көзге түсті: біріншіден, бұрынғыша технологиялық әдіс-техникалық құралдарды қолданумен байланысса, екіншіден, оқу процесінің өзін ұйымдастырудағы технологиялық әдістер дами бастады да, «оқытудың технологиясы» деген термин пайда болды.

60 жылдардың аяғы, 70 жылдардың бас кезінде көптеген елдерде (АҚШ, Англия, ГФР, Франция, Италия, Жапония, т.б.) оқытудың технологиясын жасау, дамыту жұмыстарымен айналысатын мекемелер жұмыс жасай бастады.

Білім беру технологиясына – оқытудың техникалық құралдары, білім беруде қолданылатын ақпараттық технологиялар, қашықтан оқыту жатады.

Оқытудың технологиясы – оқыту іс-әрегінің әдіс-тәсілдері мен құралдарын ұйымдастыру және қолдану теориясы.

Технологияның анықтаушы критерийлері:

- концептуалдық;
- жүйелік;
- технологияның басқарылуы;
- тиімділік;
- технологияның қайта қалпына келтірілуі.

Бағдарламалап оқыту технологиясы Дәстүрлі оқытудың кейбір кемшін жақтарын *бағдарламалап (жоспарлап) оқыту технологиясы* толтырады. Бұл технология ХХ ғасырдың 60 жылдарында педагогика, психология, кибернетика ғылымдарының тоғысында пайда болған.

Ф ҚазҰПУ 0703-10-09 Пәннің оқу-әдістемелік кешені. Екінші басылым Бет 29 Барлығы 55

Бағдарламалап (жоспарлап) оқыту – оқу бағдарламасына негізделген. Бұл бағдарламада 1) оқу материялының өзі, 2Қ оны меңгерудегі оқушының іс-әрекеті, 3Қ меңгерудегі бақылау формасы қатаң жүйеге келтірілген.

Жоспарлап оқытудың негізін салған АҚШ ғалымы Скиннер бұл технологияның негізін екі талапқа сай құрған:

1. Жай бақылаудан өзін-өзі бақылауға көшу.
2. Педагогикалық жүйені оқушылардың өз бетімен білім алуына бейімдеу.

Бұл әдіс *бір бағытты* деп аталды.

Көптармақты әдістің авторы американдық ғалым Краудер болды.

Үшінші әдіс – *бейімдендірілген (адаптациялық)* деп аталады. Бұл әдісті Чехия ғалымдары ұсынған.

Жоспарлап оқытудың негізгі принциптері мен жетістік жақтары:

1. Оқу материалының мөлшерленіп берілуі;
2. студенттердің өздігінен жұмыстануы;
3. студенттердің материалды меңгеру деңгейінің үнемі бақылауда болуы;
4. оқыту типінің және оқыту материалдары көлемінің жеке бас ерекшеліктеріне сәйкестігі,
5. оқытудың автоматтандырылған техникалық жүйелерін қолдану мүмкіндігі.

Жоспарлап оқытудың басты міндеті – автоматтандырылған дағдыларды және мықты білім мен біліктерді қалыптастыру.

Проблемалық және қарқынды күшейте оқыту технологиялары

Проблемалық оқыту – оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып білімді шығармашылық тұрғыдан меңгеруге негізделген дидактикалық жүйе.

Проблемалық оқытудың ерекшелігі– мұнда мұғалім білімді дайын түрде баяндап бермейді, оқушылардың алдына проблемалық міндет қояды. Шешімді және шешу құралдарын оқушы өзі іздестіруі тиіс.

Проблемалық технологиялық әдістегі ең маңызды мәселе – жаңа білім жаттау немесе есте сақтау үшін емес, проблеманы немесе бірнеше проблемаларды шешу үшін беріледі.

Оқытуды **интенсивтендіру (қарқынды күшейте оқыту)** дегеніміз – оқытудың сапасын да, мерзімін де өзгертпей, бірақ оқу ақпаратын кеңірек көлемде беру.

Сонымен қатар, **топтық оқыту мен іскерлік ойындар технологиялары** бар. Топтық оқыту кезінде оқыту үрдісінде оқушылардың талқыланып отырған мәселеге байланысты қарым-қатынас туындайды. Іскерлік ойындар дегеніміз – болашақ маманның кәсіби қызметтің пәндік және әлеуметтік мазмұнын, сол қызметке тән қарым-қатынас жүйесін модельдеу, елестету.

Кредиттік оқыту технологиясы

Кредиттік жүйенің артықшылық жақтары (студенттің өзіндік жұмыстық рөлінің күшеюі, оқыту сапасын күшейтуге деген талаптар, қашықтан білім беруді дамыту) білім берудің ашық жүйесін құру.

Білім берудің жаңа типі – ашық білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияларды қажет ететін ақпараттық технологиялар арқылы іске асады.

Кредиттік оқыту технологиясы:

- Еңбек рыногы сұраныстарына бағыт ала отырып академиялық бағдарламаларды қозғалмалы етіп жоспарлауға;
- Егер студентке өз дайындығының бағытын түзету қажеттігі туындаған жағдайда бағдарламаларды біріктіруге;

- Студент бір жоғары оқу орнынан екіншісіне немесе басқа мамандыққа ауысқан жағдайда осы уақытқа дейінгі оқу көлемінің академиялық тұрғыдан мойындалуын іске асыру;
- Керек болған жағдайда білім алуды кезең-кезеңімен, яғни уақыт аралық үзілістермен іске асыруға (материалдық тұрғыдан немесе ауқыт тапшылығы қиындықтары болған жағдайда) мүмкіндік береді.

Кредиттік технологияның негізгі ерекшелігі – студенттің өзіндік жеке, өзіне мейілінше ыңғайлы оқу жоспарын құра алатындығында.

Кредиттік оқыту жүйесінің негізі – студенттің өз бетінше дамуына жағдай жасау.

Қашықтан білім беру технологиясы

Қашықтан оқыту – бұл оқытушы мен оқушы бірге бола алмаған жағдайда белгілі бір арақашықтықты оқыту тәсілдері.

Тарихи тұрғыдан қарағанда қашықтан оқыту бұрын сырттай оқыту деп аталатын. Бүгінгі күні бұл – байланыс каналдары арқылы байланысатын аудио-, бейне- және компьютерлік жүйелерді қолданатын оқыту құралдары.

Қашықтан білім беру – қашықтан оқытумен тығыз байланысты. Жаңа ақпараттық технологиялар мен мультимедиа жүйелері негізінде күндізгі, сырттай және кешкі оқыту жүйелерінің элементтерін біріктіретін, ерекше, жетілдірілген форма.

Қашықтан білім берудің ерекшеліктері:

- Икемділік;
- Модулділік;
- Параллелділік;
- Алыстан қызмет көрсету мүмкіндігі;
- Қамту;
- Рентабелділік;
- Жаңа ақпараттық технологиялар.

Модульдік оқыту технологиясы

Модуль дегеніміз – міндетті түрде оқушының білімі мен біліктерін тексеру элементі бар оқу материалының логикалық аяқталған бөлімі. Модульді құрастырудың негізіне пәннің жұмыс бағдарламасы алынады. Ол көбінесе пәннің жұмыс бағдарламасына алынады. Ол көбінесе пәннің тақырыптарына немесе өзара байланысты тақырыптар блогына сәйкес келеді. Бірақ, тақырыптан айырмашылығы – модульде: тарсырма, жұмыс, оқушылардың сабаққа қатысуы, оқушылардың старттық, аралық және қорытынды білім деңгейі – бәрі-бәрі өлшеніп, бағаланып отырады. Модульдік оқыту технологиясында оқушылардың оқу қызметінің нәтижелерін бағалаудың, өзін-өзі және бірін-бірі бағалаудың мәні зор.

Төменде көрсетілген кестеден модульдік оқыту технологиясының оқушы тұлғасына және оны дамытуға ықпалын байқауға болады:

Оқушы тұлғасының қасиеттері	Әсер ету формасы	Модульдік оқыту технологиясының негізгі элементтері
1. Танымдық процестер - Жады - Зейін - Ойлау - Елестету - Қабылдау - Танымдық,	Дамытады	-меңгерілген ұғымдар мен түсініктерді «қашыққа» салып, есте сақтауға мүмкіндік беретін белгілік үлгілерге, сызбаларға сүйене отырып, оқу материалын түсіндіру; -адамның екі сигналдық жүйесіне сүйену: сөйлесу бөлімінің әр сабағында оқушы оқу материалын оқиды, тыңдайды, жазады, дайыстап айтады; -сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында әртүрлі

шығармашылық қажеттілігін қанағаттан - дыру		күрделілік деңгейіндегі оқу материалына бірнеше рет қайта оралу; -оқытудың белсенді формалары – ойын арқылы оқыту, пікірталас, жеке және топтық жұмыс түрлері; -әрбір оқушының өз еңбегінің соңғы нәтижесіне деген қызығушылығы; -оқулықтарды оқу құралдарын және басқа қосымша әдебиеттерді пайдалануды талап ететін оқу материалымен жұмыс жүйесі; -адамның екі сигналдық жүйесіне сүйену; -әрбір оқушының нәтижеге қол жеткізуіне бағытталуы (модульдің сөйлесу бөлімінде үш деңгейлік тапсырмаларды пайдалану және білім дәрежесін бағалаудың шартты «тоғыз баллдық» жүйесіне көшу). - тапсырмаларды сатылап беру – сөйлесу бөлімінде берілетін I деңгей тапсырмалары (шығармашылық); -оқытудың пікірталастық, ойын формаларын пайдалану; -технологияда ізденушілік (зерттеушілік) оқыту элементтерін пайдалану;
2.Қажеттіліктерін қанағаттандыру -қауіпсіздік (тұлғаның негізгі қажеттілігі) -сыйласу, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту (негізгі қажеттіліктер) -өзара қатынас, ойын қажеттілігі -қиындықтарға дайын болу және жеңу	Қанағаттандыруға мүмкіндік береді	-оқытудың белсенді формалары; -жеке тәртіппен жұмыс істеу мүмкіндігі; -білім дәрежесін бағалаудың тоғыз баллдық жүйесі; -тапсырмаларды саралап беру; -сабақтағы өзара көмек, өзара бірлескен қызмет; -өзара сөйлесу, серіктестік қарым-қатынас; -өз білімін бақылай-,өзін-өзі тексеру; -сөйлесу бөлімінде өзін-өзі және бірін-бірі тексеру және бақылау жүйесі; -оқытудың ойын формалары; -өзара сөйлесу, оқушылардың өзара қатынасы; -оқу модулінің сөйлесу бөлімі әрбір оқушының қорытынды бөліміне қиындықсыз және тиімді өтуін қамтамасыз етеді.
3.Танымдық қабілеттер	Дамытады	-тапсырмаларды үш деңгейлік саралап беру; -Б.Блумның таксономиясын пайдалану; -білім дәрежесін бағалаудың тоғыз баллдық жүйесі (деңгейлер бойынша); -тұлғалық-бағытталған формалар; -сөйлесу бөлімінің сабақтарын ұйымдастыру;
4. Белсенді сөздік қоры (ауызша және жазбаша тілі	Дамытады	-тұрақты түрде өзара сөйлесу, ортақ тақырыпқа әңгімелесу; -сөйлесу бөлімінің сабақтарында адамның екі сигналдық жүйесіне сүйену;
5. Оқуға жағымды қызығушылық	Дамытады	-танымдық қызметтен қанағаттанып қуаныш сезіміне бөлену (оқу модулінің сөйлесу бөлімінің сабақтарындағы «екіліксіз» оқу, «өз деңгейіндегі»

		жұмыс істеу мүмкіндігі, ойынға қатысу, қорқыныш сезімінің жойылуы, өзіндік және өзара бірге дайындалу мүмкіндігі, субъект-субъект қатынастар); -сөйлесу бөліміндегі білім дәрежесін бағалауда «тәтті лимон» және «көк жүзім» қағидаларын пайдалану.
--	--	---

№ 12-13 тақырып: Кәсіптік білім беру оқу орындарында тәрбие жұмысының теориясы мен тәжірибесі.

Жоспары: 1. Гумандық тәрбиелеу принципімен әдістері. (Тәрбие заңдылықтары мен қағидалары). 2. Тәрбиенің жеке тұлғаға бағытталуы.

3. Кәсіптік оқыту орнында тәрбие процесін ұйымдастыру ерекшеліктері.

Тәрбие принциптері ішіндегі ең негізгісі, оның **1) мақсаттылығы**. Өйткені, тәрбие процесіндегі тәрбиелік ықпалдар мен әрекеттер белгілі бір мақсатқа бағытталады. Мақсат – тәрбиелік шыралардың кездейсоқтық сипатқа тап болмауын қамтамасыз етеді. Мақсатқа сай тәрбие міндеттері анықталып, оны атқаруда жұмыстардың түрлері, мазмұны мен ұйымдастыру тәсілдері белгіленеді. Сондықтан да бұл принцип тәрбие жүйесінде жетекші принцип ретінде саналады.

Тәрбиенің келесі принциптерінің мәні **2) жас ұрпаққа тәрбие беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси өмірімен ұштастыра жүргізуді** талап етеді. Ол мектептегі теориялық білімдерді оқушыларға меңгертуде, оларды өмірмен байланыстыру, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерімен хабардар етіп, оған нақтылы көзқарастарын, сенімін орнықтыру, қоғамдық пайдалы еңбекке қатыстыру т.б. тәрбие мақсатының түпкі мүлдесін көздейтін әрекеттерге араластыру.

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге ерте кезден араластыру өз еліне, туған өлкесіне деген сүйіспеншілікке баулу, ел азаматтарына, еңбек ардагерлеріне деген құрметтеушілік, ізгілік ниеттерінің орнығуына, мүмкіндік туғызады.

3) Еңбек арқылы тәрбиелеу принципінің мақсаты баланы еңбек ете білуге, оны қадырлеп-қастерлеуге, оған деген жағымды көзқараспен қарым-қатынас қасиеттерін орнықтыруды, сонымен қатар қарапайым еңбек құралдарын пайдалана білу қабилеттерін сіңіру қажеттіліктерінен туындайды. Адамды табиғат жаратқанмен, оны нағыз адам етіп қалыптастырған – еңбек процесі. Адам баласының қоғамдағы өмірі тек еңбекпен дағдыландырады. Тек еңбек процесінде адам баласы өз тіршілігін қамтамасыз етіп, қоғамға пайда келтіреді.

Жеке тұлғаға **4) талап қоюшылық пен құрметтей білу принципінің** көздейтін мақсаты:

- оқушыларға қоғамдық мінез-құлық нормалары мен ережелерінң саналы түрде меңгертуді;
- оқушыға қатысты өзіне жүктелген міндетіде мүлтіксіз орындауыды;
- мектепте оқушыларға арналған ережені қатан сақтауды;
- мектеп пен отбасы және мектептен тыс мекемелердің тәрбие жұмысының барлық буындарының талап бірлігін үйлестіруді;
- оқушының мінез-құлқындағы жақсы қасиеттеріне сүйенуді;
- жеке басына сеніммен қарап, белсенділігін арттыруды;
- сүйіспеншілік көрсетуді.

Құрметтеу мен талап қоюшылықты бірыңғай атқару тәрбиенің ізгілік бағыты мен ыңтамақтастық педагогикасының негізін қалайды. Өйткені, адамгершілік пен ыңтымақтастық бала өмірінде үлкен маңызға ие болады.

Тәрбие жұмысының басты болуы, көбінесе әрбір **5) жеке баланың жасшамасына сәйкес өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жүргізуге байланысты**. Оның түсінігі, сенімі, көзқарасы, ақыл-ойының деңгейі бірдей емес, соған орай мінез-құлық ерекшеліктері мен адамгершілік қасиеттерінің сапасы да әр-түрлі. Сондықтан да тәрбие процесінде балалардың дара ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор. Тәрбиенің мазмұны мен амал-тәсілдері де осы принципке тәуелді.

Тәрбие жұмысын нәтижелі жүргізудің тағы бір шарты- мазмұны мен тәрбиелік әрекеттерді баланың жас шамасына сай, **6) жүйелі жүргізуді талап етеді**.

Тәрбие салаларының тұтастығын қамтамасыз етуді талап қылдырады, себебі – тәрбие міндеттерін шешіде атқарылатын шаралардың бір-бірімен сабақтасты болуы керек; және откендегі, бүгінгі және болашақта жоспарланған **тәрбие жұмыстарымен үнемі сабақтас болуы**, осы принциптің бір міндеті.

Жеке тұлғаның **ұжымда, тек ұжым арқылы тәрбиелеу принципі**, кеңестік дәуірде тәрбие жұмысының негізгі талаптарының бірі болып келді. Осы қоғамда өмір сүріп отырған **«барлық адамдар біреуі үшін, біреуі барлығы үшін»** деген ұранмен еңбек етті. Оқушының жеке басын ұжымда, және ұжым арқылы тәрбиелеудің мәнісі – ол оқушылардың оқу, тәрбие, пайдалы еңбектегі бірлескен іс-әрекенде, олардың жауапкершілігі, белсенділігі артып, тұлғаның жан-жақты дамуына мүмкіншіліктер пайда болады, достығы жарасып, ізгілік қарым-қатынас орайды, өзімшілдік жойылып, моральдық норияға айнала бермек.

Тәрбие процесінде **мектеп пен жұртшылық әрекетінің бірлігін қамтамасыз ету туындайды**. Оқушылардың әрекетінде ауызбіршілік, жүйелілік болмағанда, тәрбиенің нәтижесі төмендейді. Себебі, тәрбие отбасынан басталып, мектеп және ұстаздар тәрбиесімен жалғасып отырады.

Кәсіптік мектептердегі тәрбиелеу принциптерінің ерекшеліктері.

Тәрбие принциптерінің негізгі бағыттары етіп мыналарды ұсынуға болады:

1. Тәрбиенің кәсіби бағытта жүргізілуі;
2. Жеке тұлғаның бойында адамгершілік қасиеттерді жинақтау (жауапкершілік, тәртіптілік, адамдық, кеңпейілділік т.б.).
3. Тәрбиені өмірмен және еңбекке байланыстыра беру принципі (оқушыны өмірге бейімдеу, шығармашылық қызметке дайындау сияқты міндеттерді қамтиды).
4. Жеке тұлғаны ұжым арқылы тәрбиелеу.
5. Оқушының жеке тұлғалық қасиетін бағалай отырып, оны талап ете біліге тәрбиелеу.
6. Оқушының бойындағы жағымды қасиеттеріне негіздеп тәрбиелеу (сенім арту; өз бетінше шешім шығару т.б.).
7. Жеке ерекшеліктері мен қасиеттерін есепке ала отырып тәрбиелеу.
8. Тәрбие жұмысын жоспарлы, тұрақты, үйлесімді түрде жүгізу.

Барлық педагогке тән мына қағиданы есте ұстау : «Ұстаз ешқашан ренжуге тиіс емес». Егер ұстаз ренжіп, көңілі қалып, ашуланатын болса, онда ол өзін-өзі ұстай алмайды, басқара алмай қалуы мүмкін, оқушы ұжымы алдында дәрменсіздік танылуы мүмкін.

Кәсіптік мектептегі тәрбиеленушілер сипаттамасы

Кәсіптік білім беру мекемелері контингентінің ерекшеліктері.

1. Оқу топтарын жасақтаудағы кәсіби принципті сақтау – дегеніміз жалпы орта білім және негізгі білім базасында мектептен келген түлектердің жас ерекшеліктері мен аймақтық айырмашылықтарын, түрлі ұжымдық ортадан келгендігін ескеру болып табылады.

2.Өз ықтиярынсыз, ата-аналары ұсынысы мен, кәсіп саласынан бейхабар болып оқуға келетіні жиі кездесіп тұрады.

3. Кәсіптік мектептерге негізінен сабаққа қызығушылығы аз, мұғалімдерге ұнамаған, тәртібі нашар, белсенділігі төмен оқушылар келеді.

4. Кәсіби біліктілігі төмен мұғалімдердің білім бергені де көрініп тұрады.

5. Кәсіптік мектептерге тәртібі нашар, педагогикалық ұжымның құтыла алмай отырған «шетке шыққан» оқушыларын жіберуі дәстүрге айналған.

6. Кәсіптік мектепке түрлі мектептерді, түрлі педагогтердің әдістерімен тәрбиленген, білім алған оқушылар тобы жиналады.

7. Кәсіби саласына байланысты кейбір топтар жағы қыз балалар, ал кейбірі ұл балалар құрамынын тұрады.

Осының бәрін жинақтай келсек, білім саласына мынадай кемшіліктердің орын алуына жол береді:

1. Жеке тұлғаға, оның біліміне нақты көзқарастың болмағаны.
2. Тәрбиенің шек-шектеу түрінің орын алғаны.
3. Педагогтердің оқушы бойындағы адамгершілік қасиеттердің дамуына аз ықпал еткендігі.
4. Жас ұрпақты тәрбилеуде саралау (дифференцированного) әдісінің жоқтығы.
5. Оқу орнының қабырғасында біртұтас тәрбиенің жүйелі жүргізілмегендігі.

Кәсіптік мектептің оқытушылар

ұжымы мен оның ерекшеліктері.

Кәсіптік мектептегі педагогикалық ұжым мына 2 үлкен топқа бөлінеді:

1. Өндірістік оқыту шебері (оқушыларды практикалық оқыту жұмыстарымен шұғылдандырады);

2. Оқытушылар – теориялық білімді игертіп, мына салаларға бөлінеді:

- Арнайы пәндер оқытушысы;
- Жалпытехникалық пәндер оқытушысы;
- Жалпы білім беретін пәндер оқытушысы;

Кәсіптік мектептің педагогтік **қызметкерлер** қатарында базалық психологиялық және педагогикалық дайындығы жоқ кадрлармен қоса, **базалық педагогикалық** білімі бар қызметкерлерде жұмыс істейді. Олар – жеке инженер-педагог мамандығы бойынша жоғары оқу орнын бітіріп келгендер, мемлекеттік университеттердің педагогика факультетін аяқтағандар, индустриалды-педагогикалық академиясы түлектері.

Кәсіптік білім беру жүйесіндегі

тәрбие жұмысының ерекшелігі.

Кәсіптік білім беру орындарында тәрбие жұмысын жүргізудің мына төмендегідей ерекшеліктері бар:

- Кәсіптік мектеп оқушылары, жалпы мектеп оқушыларына қарағанда, ұзақ мұғалім бақылауында болады, және оларды 2-3 инженер-педагог пен оқытушы, және куратор ғана жұмыс істейді.
- Курстан курсқа өткен сайын оның өндірістік сипаты күрделене түседі.
- КМ-гі тәрбие жұмыстары көбінесе оларды түзету, немесе қайта тәрбиелеу жұмыстарымен тығыз байланысты болады.

№ 14-15 тақырып: Технология және кәсіптік оқыту мұғалімдерін даярлау және қайта даярлау.

Жоспары:1. Кәсіптік оқыту мұғаліміне (оқытушы) арнайы және әдістемелік даярлау кезінде қойылатын талаптар.
2.Кәсіптік оқыту-тәрбиелеу процесінде мұғалімнің құқы мен міндеттері.
3. Кәсіптік оқыту мұғалімдерінің біліктілігін жоғарлату және даярлау. Жүргізілетін әдістемелік жұмыстар жүйесі.

Оқу-тәрбие жұмыстары және педагогикалық жүктеме

Бөлімде мынадай мәліметтер:

- 1) білім беру ұйымындағы құқықтық тәрбие, тәрбиелеу үрдісін құқықтық әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;
- 2) ғылыми кеңестің, ректораттың, деканаттар мен кафедралардың отырыстарында тәрбие жұмысы мәселелерінің қаралуы, олардың нәтижелілігі; тәрбие жұмысының мазмұны, нысаны және әдістері;
- 3) студенттік жастар ұйымы, студенттердің өзін өзі басқару жұмыстарының болуы және тиімділігі;
- 4) кураторлар кеңесі жұмыстарының болуы және тиімділігі;
- 5) Қызметтің әр саласында (оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыстар; қызығушылығы бойынша қоғамдардың және үйірмелердің, спорт секцияларының, көркемөнерпаздық, пікіралысу клубтары, басқа салалар) студенттер тұлғасының өзі-өзі іске асыруы үшін жағдайлары;
- 6) студенттердің республикалық және жергілікті жастар ұйымдарына қатысуы; олимпиадаларды, жобаларды, конкурстарды, акцияларды спорттық жарыстарды ұйымдастыруы және қатысуы;
- 7) АҚТҚ-тың және нашақорлықтың алдын алу жөнінде білім беру ұйымының, кураторлар кеңесінің және студенттік өзінбасқару қызметін: медицина қызметкерлерін тарту арқылы спорттық–денсаулық сауықтыру (жарыстық) және шығармашылық шаралар, студенттік акциялар, пікіралысулар, дөңгелек столдар, тренингтер, кинокөрсетулер, нашақорлыққа тәуелділіктен арылғандар және нашамханалар мамандарымен кездесулер;
- 8) білім беру ұйымының кеңістікті-бұйымдық ортасын рәсімдеуді (мемлекеттік рәсімдерді, тақырыптық стенділерді, ұрандарды) келтіріледі.

Мамандықтары даярлау бағыттары.

